

## **2023 жылының жазғы сауықтыру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру үйімі (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: кіші жас топ

Балалардың жасы: 2 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: тамыз айы, 2023 жыл.

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Тамыз	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"><li>- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеву, лақтыру, секіру, тепе-тендік сақтау;</li><li>- жалпы дамытуши жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нағайту;</li><li>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.</li></ul> <p><b>Жалпы дамытуши жаттығулар.</b></p> <p>Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (он) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандал жүру).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p>

	<p><b>Велосипед тебү:</b> үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз тұсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p> <p><b>Дербес қымыл белсенділігі.</b></p> <p>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спортық, би) орындауға, қымыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын менгерген қымылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b></p> <p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сейлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін тұсіну қабілетін дамыту;</li> <li>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;</li> <li>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.</li> </ul> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b></p> <p>Менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпші түрде дұрыс қолданылуын</p>

	<p>ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпші түрімен сәйкестендіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қымылдарын) қайталатып ойнату.</p>
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;</li> <li>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамытуды пысықтау.</li> </ul>
Сенсорика	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;</li> <li>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;</li> <li>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;</li> <li>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсак моторикасын дамыту;</li> <li>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.</li> </ul> <p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беруді пысықтау.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;</li> <li>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;</li> <li>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;</li> <li>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;</li> </ul>

- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енүі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;
- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;
- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындаамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).
- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.

### **Бала, оның отбасы, үйі.**

Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету.

### **Заттық әлем.**

Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.

### **Көлік.**

Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.

### **Еңбекке баулу.**

Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сұлгілерді ауыстырады) пысықтау.

### **Адамгершілік тәрбиесі.**

Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.

### **Табиғат әлемі.**

Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір

		түрлерін қайталау.
Кұрастыру		<p>- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;</p> <p>- құрылым материалдарынан құрастыруға баулу.</p> <p>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.</p>
Сурет салу		<p>- бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйікталған дөңгелек сыйықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p>
Мүсіндеу		<p>- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.</p> <p>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бүйімді тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауга пысықтау.</p>
Жапсыру		<p>- желімсіз жапсыру техникасын игеру.</p> <p>Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сыйықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді тандауға (қарама-қарсы түстер) пысықтау.</p>
Музыка		<p>- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;</p> <p>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;</p> <p>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.</p> <p>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым</p>

би қимылдарын орындауға баулу.

**Музыка тыңдау.**

Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарын тануды пысықтау.

**Ән айту.**

Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музикалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.

**Музикалық-ырғақтық қимылдар.**

Сюжетті музикалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.